

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы Атқару комитетінің қаулысымен бекітілді  
Хаттама № 21, 3-т., 2022 ж. «23» желтоқсан.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы Атқару комитетінің қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.  
Хаттама № 4, 11-т., 2025 ж. «25» ақпан.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы Атқару комитетінің қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.  
Хаттама № 9, 7-т., 2026 ж. «20» ақпан.

## **Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының мүшелік ұйымдары қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ереже**

1.1. Осы Ереже Кәсіподақтың 2019 жылғы 9 қазандағы XIV Съезімен бекітілген Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағы (бұдан әрі – Кәсіподақ) қызметінің 2019-2024 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру Жоспары, Кәсіподақтың Орталық Комитетінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 5, 1-т. қаулысымен бекітілген Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының «Жаңа Қазақстан – Жаңа кәсіподақ» атты даму Тұжырымдамасы шеңберінде әзірленді.

1.2. Мүшелік ұйымдар қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізудің негізгі мақсаты оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласы қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау жөніндегі облыстық, Астана қаласы, республикалық маңызы бар Алматы, Шымкент Кәсіподақ ұйымдары (бұдан әрі – мүшелік ұйымдар) жұмысының тиімділігін арттыру, Салалық кәсіподақ қозғалысын әрі қарай дамыту және нығайту болып табылады.

1.3. Ереже Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдары қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі принциптерін, нәтижелерін анықтау тәртібін, әдістемесін белгілейді.

### **2. Бағалау жүргізудің негізгі принциптері**

2.1. Мүшелік ұйымдар қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі принциптері:  
- кешенді тәсіл – бағалау мүшелік ұйымдар жұмысының негізгі бағыттары бойынша жүргізіледі;  
- нақтылық принципі – бағалау нәтижелерін тиісті құжаттармен растау;

- ашықтық принципі – ақпарат көздерінің пайда болуын тексеру мүмкіндігі;
- жариялылық – рейтинг нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында, Салалық кәсіподақ сайтында, ақпараттық бюллетеньдерде жариялау болып табылады.

### **3. Бағалау жүргізу тәртібі**

3.1. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары қызметінің тиімділігін бағалауға:

- қызмет тиімділігін операциялық бағалау;
- қызмет нәтижелілігін бағалау жатады.

3.2. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары қызметін бағалауды анықтау критерийлері:

- ұйымдастырушылық жұмыс (кәсіподақтағы мүшелікке ынталандыру, ақпараттық және оқу-әдістемелік жұмыс, атқарушылық тәртіптеме жағдайы);
- кәсіподақ мүшелерін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық қорғау жөніндегі қызмет;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды ұйымдастыру мәселелері;
- салалық әлеуметтік әріптестікті нығайту және дамыту жөніндегі жұмыс;
- қаржылық тәртіптемені нығайту мәселелері болып табылады.

3.3. Жұмыс бағыттары бойынша мүшелік ұйымдар жұмысы тиімділігінің көрсеткіштерін анықтау және қызметін бағалау үшін ақпарат көздері:

- белгіленген нысандар бойынша есеп беру мерзімінде атқарылған жұмыс туралы есептер;
- ресми статистикалық деректер мен мәліметтер;
- мүшелік ұйымдар қызметін мақсатты және кешенді тексерулер нәтижелері;
- Кәсіподақтың алқалық органдарының қарауына енгізілетін материалдар, қаралатын мәселелер бойынша қаулылар болып табылады.

3.4. Қызметтің әрбір бағыты бойынша қызмет тиімділігін бағалау көрсеткіштері белгіленеді.

3.5. Кәсіподақтың басқару органдары шешімдерінің орындалуын бағалау кезінде олардың орындалуының уақтылығы, сапасы мен толықтығы айқындаушы фактор болып табылады.

### **4. Рейтингілік бағалауды қорытындылау тәртібі**

4.1. Мүшелік ұйымдар жұмысының тиімділігін бағалауды Кәсіподақтың Орталық комитетінің аппараты есептік күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырады.

4.2. Қорытындылау кезінде қызметтің барлық бағыттары бойынша көрсеткіштер ұпайларға ауыстырылады, олардың нәтижелері бойынша Кәсіподақтың барлық мүшелік ұйымдары бағалау критерийлеріндегі (кестедегі) әрбір көрсеткіш бойынша сараланады. Есептеу объектілерді және бағалау өлшемшарттарын белгілейтін кесте бойынша жүргізіледі (осы Ережеге 1-қосымша).

4.3. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының қорытынды бағалау кестесіндегі ұпайлары (балдары) 1-қосымшада көрсетілген критерийлер бойынша жеке есептеледі.

Мүшелік ұйымдардың қызметі критерийлер бойынша жеке бағаланып, олар ұпайлар (балдар) сомасының өсу ретімен реттеледі.

4.4. Бағалау қорытындысы Кәсіподақтың Атқару комитетінің қарауына және бекітуіне енгізіледі.

4.5. Бағалау барысында қолданылатын есептер мен ақпараттардың нақтылығына, толықтығы мен уақытында ұсынылуына жауапкершілік мүшелік ұйымдар басшыларына жүктеледі.

## **5. Жүлдегерлерді марапаттау**

5.1. Бағалау рәсімі есеп беру жылынан кейінгі 1 сәуірге дейін жүргізіледі.

5.2. Бағалау қорытындысы бойынша ақшалай сыйлықақы төленетін 3 жүлделі орын белгіленеді. Бағалау нәтижесінде жүлдегерлер қатарына енбей қалған, бірақ негізгі блоктар бойынша жоғары ұпай жинаған мүшелік ұйымдар Кәсіподақтың Атқару комитетінің шешімімен ақшалай сыйлықақымен марапатталады.

5.3. Бағалау нәтижелерін жариялау салтанатты жағдайда жүргізіледі.

5.4. Ақшалай сыйлықақы алған мүшелік ұйымдар бөлінген ақшалай қаражатты жарғылық мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға пайдалануға құқылы.

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының мүшелік ұйымдарының қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу критерийлері**

№	Критерийлер	Көрсеткіштер үшін бағалау шкаласы
<b>1. Ұйымдастырушылық және мотивациялық қызмет</b>		
1.1	Өткен жылмен салыстырғанда кәсіподақ мүшелерінің санының өсуі.	Кәсіподаққа кірген әрбір 10 адам үшін + 5 балл
	Объективті себептер болмаған кезде (өңірдің әкімшілік-аумақтық бөлінісінің өзгеруі, сала ұйымдарының таратылуы және т. б.) өткен жылмен салыстырғанда кәсіподақ мүшелерінің санының төмендеуі	Одақтың әрбір 10 адамы үшін - 5 балл
1.2.	Орындаушылық тәртіптің жай-күйі (есептіліктің белгіленген нысандарын ұсыну мерзімдерін сақтау). Уақытылы және сапалы ұсынылған есеп.	+ 10 балл
	Нарушение сроков представление отчета	- 5 балл
1.3.	Орын ала отырып, республикалық байқау-конкурстарға қатысқаны үшін: - бас жүлде - I орын - II орын - III орын Байқау-конкурсқа қатыспағаны үшін	+ 10 балл + 8 балл + 6 балл + 3 балл - 10 балл
<b>Ақпараттық жұмыс</b>		
1.4.	Салалық кәсіподақ сайтының мазмұнын мүшелік ұйымның қызметі туралы материалдармен толықтыру	Әр материал үшін + 1 балл
1.5.	Мүшелік ұйымда: - сайт - Facebook парақшалары - Instagram парақшалары - Telegram каналының болуы	+10 балл +5 балл +5 балл +5 балл
<b>Кәсіподақ мүшелерін оқыту</b>		
1.6.	Кәсіподақ оқуынан өткендердің саны: - кәсіподақ мүшелері - тексеру комиссияларының мүшелері - кәсіподақ активінің мүшелері	Әр позиция бойынша 0,1 балл

	- кәсіподақ ұйымдарының төрағалары	
<b>2. Әлеуметтік әріптестік</b>		
2.1.	ҚР заңнамасына сәйкес ресімделген өңірлік келісімнің болуы Келісімнің болмауы	+5 балл  - 10 балл
2.2.	Ұжымдық шарт жасалмаған ұйымдардың саны	Әр ұйым үшін - 10 балл
2.3	Ұжымдық шартты орындауға жұмсалатын жылдық шығыстардың сомасы (әлеуметтік пакет)	Әрбір 100 000 000 (жүз миллион) теңге үшін +1 балл (ұпай)
<b>3. Кәсіподақ мүшелерін құқықтық қорғау</b>		
3.1.	Кәсіподақ мүшелерінің құқықтық көмекпен қамтамасыз етілуі (кәсіподақтың 5000 мүшесіне 1 маман есебінен)	Ұпайлар саны кәсіподақ мүшелерінің жалпы санын 5000-ға бөлу және штаттық заңгерлер санына көбейту арқылы анықталады.
3.2.	Құқықтық көмек көрсетілді:	
	Келісу комиссияларында	Әрбір қатысқаны үшін 5 балл
	Сотта	Әрбір қатысқаны үшін 10 балл
3.3.	Консультациялар саны, оның ішінде БАҚ-та, интернет желісінде	Әрбір консультация үшін 0,2 балл
3.4.	Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасының орындалуын қоғамдық бақылау шеңберінде жүргізілген тексерулер саны	Әрбір тексеріс үшін 2 балл
3.5.	Құқықтық қызмет жұмысының экономикалық әсері (теңгемен)	Әрбір 1 000 000 теңге үшін 5 балл (қалдықты ортақтындыра отырып)
<b>4. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі</b>		
4.1.	Қызмет көрсетілетін ұйымдардың өндірісіндегі жазатайым оқиғалардың болмауы үшін	+20 балл
4.2.	Өндірістегі әрбір жазатайым оқиға үшін	- 5 балл
4.3.	Қызметкердің өліміне әкеп соққан өндірістегі әрбір жазатайым оқиға үшін	- 10 балл
<b>5. Қаржылық тәртіп</b>		

5.1.	<i>Мүшелік жарналарды жалпы жинау жөніндегі индикативтік жоспарды орындау</i>	<i>+10 балл</i>
	<i>Орталық Комитетке және ҚРКФ-ға жарналарды аудару бойынша міндеттемелерді орындамау</i>	<i>-10 балл</i>
	<i>Қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзу</i>	<i>Әр жағдай үшін - 2 балл</i>